

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_ » \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

« \_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
Г.Н. Әбдіқалықоваға

2019 жылғы 22 мамырда  
жарияланды

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

**Құрметті Гүлшара Наушақызы!**

Қазіргі кезде, жалпы дүние жүзінде, онкологиялық аурулар денсаулық сақтау саласындағы негізгі проблемалардың бірі болып табылады.

Қазақстанда да онкологиялық аурулармен ауыратын адамдардың саны жылдан – жылға азаймай отыр және бұл жағдай кімді болса да бейтарап қалдырмайтыны анық.

Елімізде осы бағытта үлкен жұмыстар істеліп, бұл аурудың алдын алу және оған қарсы күрес жоспарлы жүргізіліп келеді.

Бірақ, өкінішке орай, ресми статистикалық деректер бойынша, елімізде бұл аурудың алғаш рет анықталған диагнозымен өткен жылдың аяғына дейін тіркеуге алынғандардың саны 181 202 адам, ал өткен үш жылда қайтыс болғандардың саны 45 мың адамнан асады.

Көріп отырғанымыздай, бұл көрсеткіштер осы аты жаман аурудың алдын алып, оған қарсы күрес жүргізу жұмысын одан әрі күшейтуді талап етеді. Бұл мәселені менің әріптестерім де бұдан бұрын көтерген болатын.

2017 жылы Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ассамблеясы елдердің үкіметтерін және Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымын обырдан мезгілсіз қайтыс болу деңгейін төмендету жөніндегі іс-қимылдарды жеделдетуге шақырған,

бұл аурудың профилактикасы және оған қарсы күрес атты қарарды қабылдаған болатын.

Осыған байланысты елімізде осы бағытта үлкен жұмыстар жүргізіліп жатқаны да сөзсіз.

Дегенмен, Қазақстанда онкологиялық аурулармен ауыратын адамдардың саны азаймай отырғанын анық және бұл жағдай кімді болса да би тарап қалдырмайды.

Негізінен, біздің бүгінгі көтеріп отырған мәселеміз жоғарыда айтылған ауруға шалдыққан адамдардың зейнетақы қорындағы жинақтарын алу тәртібіне байланысты болып отыр.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес онкологиялық аурумен ауыратын адамға мүгедектік көзделіп, ол екіге бөлінеді: біріншісі – белгілі бір мүгедектік мерзімі бар топ, екіншісі – мерзімсіз топ болып саналады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ұсынған деректер бойынша, қазіргі таңда онкологиялық аурулар салдарынан мүгедек болған адамдардың жалпы саны 39 100 адамды құрайды, оның ішінде мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген 15 200 адам.

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қаулыға сәйкес мерзімсіз бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдардың, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан өз зейнетақы жинақтарын бір реттік төлемдер түрінде алуға құқығы бар.

Алайда, бұл жағдайда осындай төлемдерді алудың кейбір талаптары, жинақталған соманы алуды қиындатады.

Мәселен, зейнетақы жинақтары ең төмен зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспайтын адамдар ғана зейнетақы жинақтарының бір реттік төлемін ала алады, яғни 2019 жылы ол көрсеткіш 433 296 теңгені құрайды.

Демек, егер жинақтарының көлемі жоғарыда көрсетілген сомадан асып түссе, адам бір реттік төлемді ала - алмайды. Бұл жағдайда, адам өзінің зейнетақы төлемдерін белгіленген есептеу әдістемесіне сәйкес ай сайын алып отырады. Қарастырылған ай сайынғы төлем сомасының көлемі өте мардымсыз, аз болғандықтан, ол емделу шығындарын өтеуге еш қандай әсерін тигізбейді.

Осылайша, қолданыстағы зейнетақы жинақтарын алу тәртібіне сәйкес, адам қайтыс болғаннан кейін ғана зейнетақы жинақтарын оның жанұясы немесе жақындары ала - алады.

Бұл қаражаттың ауырып, өмірден өткен адамға қажеті жоқ екендігі айтпаса да белгілі.

Бүгінгі таңда, Қазақстанда обыр ауруларын емдеу тегін жүргізілетіні белгілі. Бірақ, бәріміз білетіндей, көпшілік жағдайда сырқат адамдар тұрақты ізденісте болып, білікті отандық немесе шетелдік клиникаларға қосымша ем алу үшін барып жатады, ол қомақты ақшаны талап етеді.

Алайда, өзінің өмір бойы қорға аударып отырған жинақтарын алудағы осындай кедергілерге байланысты, ауру адамның қосымша сапалы ем алу мүмкіндігі шектеледі.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, құрметті Гүлшара Наушақызы, онкологиялық аурулармен ауыратын адамдарға мүгедектігінің санатына қарамастан, зейнетақы жинақтарын бір реттік төлеу мәселесін қайта қарауды ұсынамыз.

Депутаттық сауалға заңнамада белгіленген мерзімдерде жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,**

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжіліс депутаттары,  
«Нұр Отан» партиясы  
фракциясының мүшелері**

**Е. Бектұрғанов**

**З. Аманжолова**

**И. Аронова**

**З. Балиева**

**А. Бектұрғанов**

**Г. Бижанова**

**Қ. Ержан**

**Б. Ертаев**

**Ж. Жарасов**

**А. Тасболатов**

*Орынд.: Д.Б. Баржақсынов*  
*Тел. 746772. 87777704771*  
[barzhaksinov@parlam.kz](mailto:barzhaksinov@parlam.kz)